

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі
20 __ жылғы «__» _____
№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента
«__» _____ 20 __ года

2023 жылғы 03 мамырда жарияланды

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары
Р.В.Склярға

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Роман Васильевич!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Парламентте сөйлеген сөзінде ұлттық қауіпсіздігімізді нығайту аясында, шекаралық аймақтарды дамытудың нақты шараларын қарастыру тиіс деп атап өтті.

«AMANAT» партиясы шекаралық аудандарың әлеуметтік-экономикалық мәселелерін жүйелі шешу керек деп есептейді!

Осыған орай, шекаралық аймақтарға халықты тұрақтандыру, ынталандыру есебінде еңбек етіп жүрген азаматтар мен азаматшалардың жалақыларына аудандық 1,5 деген қосымша коэффициент қосу маңызды.

Аталған адамдардың еңбек өтілінің 1 жылы 1,5 болып саналуын қарастыру қажет.

Тек осындай шаралардың арқасында жетіспей тұрған - дәрігер, ұстаз, мал дәрігерлері, агроном, орманшы тағы да басқа жас мамандардың сол аймақтарда тұрақтануына стимул жасауға болады.

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Бұқтырма су қоймасының үстінен көпір салуға тікелей тапсырма берді.

Бұл көпір, Ертіс өзенінің арғы жағында орналасқан бес шекаралық аудан: Күршім, Қатон Қарағай, Марқакөл, Зайсан, Тарбағатай халқының өмір бойғы арманы.

Көпір құрылысы қарқынды түрде жүріп жатыр, бірақ биылғы жылға бөлінген қаржының көлемі 4 млрд. теңгені құрайды. Ол дегеніміз – қажетті қаржының оннан бірі ғана.

Бұл халыққа аса маңызды, қажетті, күрделі құрылыс нысанын Үкімет тарапынан осылай қаржыландыратын болса, Президенттің тапсырмасы ондаған жылдарға созылып кетеді.

Ол кезде айтылған шекаралық бес ауданда тұратын халықтың қалмауы да мүмкін.

Осы мәселені жедел шешудің тетіктері қажет!

Жауапты «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының конституциялық заңына сәйкес белгіленген мерзімде беруіңізді сұраймын.

**Құрметпен,
«АМАНАТ» Партиясы
Фракциясының мүшелері**

**Ұ. Тұмашинов
Е. Саиров
Ж. Сүлейменова**

*Орынд. К.Камысбаева
74-62-45*